

# СӨЖ

Сіреспеге қарсы қолданылатың дәрілік заттарға сипаттама.

Миорелаксанттар-әсер ету механизмі, қолдану  
Антигистаминдік дәрелек заттар. Препараттар- әсер ету механизмі, қолдану.

Жүрек гликозидтер. Препараттары- әсер ету механизмі, қолдану.

Қанға әсер ететін заттар тобы. Препараттары- әсер ету механизмі, қолдану

Орныдаған: Тұрсынова Диана  
Вм-501

# Жоспар:

- Сіреспеге қарсы қолданылатың дәрілік заттарға сипаттама.
- Миорелаксанттар-әсер ету механизмі, қолдану
- Антигистаминдік дәрелек заттар. Препараттар-әсер ету механизмі, қолдану.
- Жүрек гликозидтер. Препараттары- әсер ету механизмі, қолдану.
- Қанға әсер ететін заттар тобы. Препараттары-әсер ету механизмі, қолдану
- Пайдаланылған әдебиеттер

# Сіреспеге қарсы қолданылатын заттар

- Кейбір ауруларда болатын сіреспелер мал организмiне қатты әсер ететiндiктен, оны болдырмауға арналған шаралардың маңызы зор. Көп реттерде жануарлардың қаңқа бұлшық етерiнiң сiресуi және оның фибрилляры жиырылуы жиi кездеседi. Бұлардың iшiндегi ең маңыздылары
    - Дифенин
    - Гексамедин
- орталық жүйке жүйесiн әлсiрететiн басқада препараттар ми қыртысының қосуын күшейтедi, қозғалыс реакциясының уақытын баяулатып, жұлынның қозғалысқа келтiретiн түйiндерiне импульстардың өткiзiлуiн қиындатады.

# Дифенин-Diphenium.

- Ақшыл-сарғыш түсті, иіссіз кристалды ұнтақ, Суда нашар ериді. Бң тізімі бойынша сақталады. Орталық жүйке жүйесіндегі қозудың таралуын қиындата отырып, ол сіреспенің барлық түрін жояды және стресс кезінде қаңқа бұлшық еттерін сіресуден сақтайды. Препаратты ішке береді және бұлшық етке енізеді. Бұлшық ет арқылы енгізгендегі иттерге берілетін мөлшері 0,03-0,05г, ірі қара мал мен жылқыларға 0,18-0,28, шошқаларға 0,06-0,09.

# Гексамидин-Nexamidinum.

- Суда нашар еритін, ақ түсті кристалды ұнтақ, Бң тізімі бойынша сақталады. Дифенин тәрізді әсер етеді, бірақ әсері ұзақтау болғандықтан алдын алу мақсатында көп қолданылады. Ішке бергендегі шошқалар мен иттерге арналған мөлшері 1 кг тірілей салмағына шаққанда 0,06-0,08гр, алдын алу мөлшері 0,03-0,05г/кг.
- Сіреспеге қарсы қолданылатын сияқты хлорокон, триметин, бензонал, метиндион, карбамазетин, этосиксимид, морфолеп, сонымен бірге фенорбарбитал, атропин, скополамин және аминазин қолданылады.

# АНТИГИСТАМИНДІК ДӘРІЛІК ЗАТТАР ТОБЫ

- **Гистамин-Histaminum-Имидазол.** Өсімдік және жануарлар ұлпаларында кеңуен таралған, оның жануарлардағы мөлшері ішек аутоинтоксикациясында, іркілген токсемияда (қанның улануы), метеоеризмде және басқа бірқатар ауруларда күрт көбейеді.
- Ветеринария практикасында гистаминге қарсы препараттарды, қан сарысуы ауруларында, медикаментозды анафилаксияларда, аллергиялық ауруларда, созылмалы ойық жара, ауыз уылуына және тағы басқаларда қолдануға болады. Бұл препараттарды таз қарынның әлсіреуінде, метриттерде, гангреналық желінсауда, төлдегеннен кейінгі талықсуда және тағы басқаларда дәрі-дәрмек ретінде пайдалануға болады.

# Димедрол-Dimedrolum.

- Суда және спирте жақсы еритін ақ түсті кристалды ұнтақ. Ыстыққа төзімді. Бң тізімі бойынша сақтайды. Гистаминге қарсы өте белсенді препарат. Бірыңғай салалы бұлшық еттің түйілуін тез тарқады, капиллярлардың функционалдық күйін қалпына келтіреді, ауырсынуды бәсеңдетеді Сонымен бірге ол жүйелік ганглийлерді тежемейді, бірыңғай салалы бұлшық еттің тонусын баяу арттырады, сезімтал жүйкелердегі өткізшілікті бәсеңдетіп, адренореактивтік және холинореактивтік жүйелердің қозғыштын күшейтеді. Сонымен бірге димедрол тыныштандырып әсер етеді.

# Дипразин-Diprazinum.

- Суда және спирте жақсы еритін ақ және аздап сарғыштау ұнтақ, жарықта қонырқай тартады, қызылсары, шыны ыдыста, сақтықпен сақтайды. Әсері жөнінен димедролға ұқсас, бірақ гистаминге қарсы неғұрлым айқын әсер етеді. Наркоздық және жергілікті жансыздандырғыш заттардың әсерін едәуір күшейтіп, ұзартады және тыныштандырып әсер етеді. Димедрол сияқты мақсаттарда қолданылады.



# Диазолин-Diazolinum.

- Суда нашар еритін ақ түсті кристалды ұнтақ. Сақтықпен сақтайды. Организмге осы топтағы басқада препараттардай әсер етеді. Аллергияға қарсы неғұрлым басымырақ әсер етеді де, гипнотикалық және тыныштандырғыш әсері тым әлсіз. Осыны негізге ала отырып, оны қан сарысуы ауруында, есекжемде, дерматоздарда, медикаментоздық илиосинкразияда пайдаланылады. Ішке беріледі.

- Өсімдіктерден алынатын эфир тәрізді, ыдырағанда қантсыз (агликон немесе генин), қантты (гликон) және органикалық компоненттерге ыдыайтын азотсыз органикалық қосылыстарды **гликозиттер** деп атайды. Химиялық табиғаты жөнінен агликондар өте алуан түрлі олар:
  - Алькогольдер
  - Альдегидтер
  - Қышқылдар
  - Фенолды туынды заттар
  - Эфир майлары

Жүрек-қан тамырларына әсер ететін гликозидтер химиялық табиғаты жөнінен:

- стероидарға(стериндерге)
- өт қышқылына
- Кейбір гормондар(овариогормон)
- Витаминдер(холекальцеферрол)
- Буфатолинге(көмекейдін тері безінің улы секретіне жақын)

Бұл жүректің қызметі қатты бұзылғанда, оның қызметін қалпына келтіретін және тіпті жүрек бұлшық етінің компенсаторлық дамуына жағымды әсер ететін активті фармакологиялық заттар болып табылады.

# Оймақ гүл жапырағы (лист наперстянки) Folium Digitalis

- Іс жүзінде негізінен қызыл оймақ гүлсирек жағдайда әрә гүлді оймаұ гул жапыраға қолданылады.
- Оймақгүл жапырақтарының құамында гликозидтер, сапониндер, калий тұздары және басқа бір қатар балластық заттар болады.

# Қанға әсер ететін дәрілік заттар тобы

- Қанның ауруларына оның көптеген ұю процесі жиі бұзылады. Ол қалыптағыдан гөрі баяуырақ немесе тезірек ұюы мүмкін.
- **Коагулянттар.** Қанның ұюы (коагуляциясы лат. Coagulatio-мөлшері азайғанда, протромбин, фибриноген, синтезінің бұзылуына, тромбокиназа мөлшерінің тапшылығында, кальций тұздарының азаюына байланысты ауруларда баяулайды.
- Коагулянттар ретінде ұсынылатын препараттардың ішінде тромбинді- Thrombinum қолданылады. Бұл қанның табиғи ферменті. Ампулаға құйылған стерилдік ұнтақ түрінде шығарылады. Хлорлы натрийдің изотоникалық ерітіндісінде қолданылады. Тромбин кез келген жерде, оның ішінде паранхиматозды мүшелерде, ұзақ қан ағуды тез тоқтатады. Тек бір жерге қолданғанда ғана белсенді.

## Антикоагулянттар

- Қанда және плазмада болатын қанның ұюына қарсы физиологиялық заттар. Қалыпты жағдайда қанның сұйық күйін сақтайды. Әр түрлі патологиялық жағдайда (қан тамырларының зақымдануы, қан ағысының баяулауы, қанда жекеленген белоктық заттардың көбеюі) қанның ұйығыштығын қатты арттырады, соның салдарынан өкпе, жүрек, бүйрек басқа мүшелердің едәуір қиындауы мүмкін

## Гепарин –Heparinum

- Жануарлардың организмінен базофильдік торшара бөліп шығарады, бауыр мен бүйректе болмашы мөлшерде болады. Ірі қармалдың өкпесінен алынады. Сыртқы түрінен қарағанда гепарин ақ түсті, ұнұнтақ, суда жақсы ериді, Оның белсенділігі ӘБ бойыншы есептеледі.



# Пайдаланылған әдебиеттер:

- Негізгі әдебиеттер:
- Қожанов К.Н. Ветеринариялық медицина
- Айтжанов Б.Д, Өтенов Ә.М, Молдағұлов М. А. Фармакология
- Сковронский В.А. Практикум по фармакологии и рецептуре .1962 год
- Мозгов И.В. Фармакология.1984 год
- Қосымшы әдебиеттер:
- Википедия